

**Алматы қаласы Әуезов ауданы №173 мектеп –лицейдің
психологиялық қызметінің
2025-2026 оқу жылында атқарған жұмыстарының
ЕСЕБІ**

Алматы қаласы Әуезов ауданы №173 мектеп –лицейдің психологиялық қызметінің 2025-2026 оқу жылында атқарған жұмыстарының

ЕСЕБІ

Алматы қаласы Әуезов ауданы №173 мектеп –лицейдің психологиялық қызметі – даму мен оқу-тәрбиелеу процесін психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіне қатысушылардың денсаулығын қорғау мақсатында, оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру және жүргізуді басты мақсатқа ала отырып, төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар атқарды:

1.Психологиялық диагностика - оқушының, ата – ананың тұлғааралық жетілуіндегі ерекшеліктерді нормадан ауытқуды ғылыми негіз деп беретін сала. Психологиялық диагностиканың мақсаты: жеке тұлғаның дара және жас ерекшелігін, тұлға аралық қарым-қатынасын зерттеу.

2.Психологиялық ағарту (профилактика) – мұғалім, ата анасы, оқушыны психологиялық білімдермен қамтамасыз ету, жаңалықтарды жеткізу. Психологиялық ағартудың мақсаты – тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуын кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, педагогтарды, ата-аналарды психологиялық біліктілігін арттыру. Психологиялық ағартуға әдістемелік кеңесте, ата-аналар жиналысында өтілетін лекциялар, әңгімелесулер, семинар-практикумдар, ата-аналар жиналысы, көрмелер, жаднамалар дайындау. Балаларға қазіргі уақытта бақытты арайлы өмір жағдайын туғызу. Яғни ересектерге психологиялық ағарту жүргізу арқылы мұның басты мәселе екеніне көзін жеткізу. Психологиялық алдын алу – мүмкін болған ауытқудың алдын алу шаралары. Психологиялық алдын алудың мақсаты: барлық жас кезеңінде балалардың психологиялық саулығын дамыту және сақтау, нығайту. Әр жас кезеңін ескере отырып, балаларға арналған дамыту бағдарламаларын жасау және он іске асыру, алдын алу шараларын қолдану, мектептегі тәрбие мен оқу арқылы баланың толыққанды дамуына жадай туғызу психологтың ең жауапты жұмыс бағыты.

3.Психотүзету (психокоррекция) және дамыту — түзету, өңдеу мақсатында нормадағы балаларды қарастырады, ауытқуы бар балаларды түзету іс – шараларын қарастырады. Психологиялық түзетудің мақсаты: балаларды жеке тұлғалық дамуындағы психологиялық ауытқуларынан арылту, түрлі жағымды іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Психолог жұмысындағы түзету-дамыту бағыты, қызметтің ең қиын тұсы. Сондықтан да бұл бағыт практик психологтан шеберлікті қажет етеді.

4.Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу, кәсіби кеңес (консультация) жүргізу – диагностикалық негізде туындайды. Психологиялық кеңес берудің мақсаты: педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді,оқу-тәрбие үдерісінде туындаған проблемаларды шешуге көмек көрсету. Кеңес беру жұмысында психологтың іскерлігі мен дағдысын дамытумен бірге бұл арнайы дайындықты талап етеді.

5.Әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар:

- 1) педагог-психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша (дефектологтарға, логопедтерге, тифлопедагогтарға т.б.) аралас-мамандармен жұмыс жүргізу;
- 2) әлеуметтік-медициналық-психологиялық қызметтер туралы деректер банкін қалыптастыру;
- 3) аралас-мамандармен және шұғыл жағдайда көмек көрсету бойынша мүдделі органдармен өзара іс-қимыл нәтижелерінің мониторингін жүргізу.

2025-2026 оқу жылында жылдық психологиялық қызметтің жоспарды құру барысында мына тізімдегі нормативтік құжаттар ескерілді.

- 1.ҚР Конституциясы
- 2.ҚР бала құқығы туралы заңы
- 3.ҚР «Білім туралы» заңы
- 4.ҚР білімінің даму концепциясы
- 5.ҚР «Неке және отбасы » заңы
- 6.Психологиялық этикалық кодексі негізінде.

Қыркүйек айының 4 күні 5-11 сынып жетекшілерімен «Оқушыларға психологиялық қолдау көрсетуде сынып жетекші мен психологтың рөлі» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналыстың мақсаты – сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, білім алушыларға қолайлы психологиялық орта қалыптастыру. Жиналыс барысында оқушылардың эмоционалдық жағдайын бақылау, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, сыныптағы буллингтің алдын алу, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, ата-аналар мен педагог-психологтар арасындағы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету келісім парақтары таратылды.



Сонымен қатар, Қыркүйек айының 5-і күні мектеп-лицейде 1-сынып ата-аналарына арналған «1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуінде ата-ананың рөлі» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналыстың мақсаты – ата-аналарға балалардың мектепке бейімделу кезеңіндегі психологиялық ерекшеліктері туралы ақпарат беру және отбасы тарапынан көрсетілетін қолдаудың маңыздылығын түсіндіру.

Жиналыс барысында 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу кезеңіндегі психологиялық ерекшеліктері, оқу мотивациясын қалыптастыру жолдары, мектеп пен отбасы арасындағы серіктестік байланыс, сондай-ақ ата-аналардың жиі жіберетін қателіктері мен олардан сақтану тәсілдері талқыланды. Сонымен қатар, ата-аналарға баланың эмоциялық жай-күйіне назар аудару, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, үй тапсырмасын орындау барысында қолдау көрсету және мектеп мамандарымен тығыз байланыста болу жөнінде ұсыныстар берілді.

Педагог-психолог М.А. Жумабекова ата-аналардың сұрақтарына жауап беріп, тәжірибелік мысалдар арқылы психологиялық кеңестер ұсынды. Жиналыс соңында мектеп педагог-психологтарының визит карталары таратылып, қажет жағдайда психологиялық көмек алуға болатындығы туралы ақпарат берілді.


Қорытындылай келе, ата-аналар балалардың мектепке бейімделуі маңызды психологиялық үдеріс екенін түсініп, өз рөлдерінің маңыздылығын тереңірек ұғынды. Кері байланыс барысында ата-аналардың мектеппен ынтымақтастық орнатуға қызығушылық танытқаны байқалды. Алдағы уақытта ата-аналардың сынып жетекшілерімен және педагог-психологтармен тығыз байланыста жұмыс жүргізуі ұсынылды.



Қыркүйек айының 11-і күні 8-сынып оқушыларымен «Мен және менің отбасым» тақырыбында тренинг-сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушылардың отбасылық құндылықтар туралы түсінігін кеңейту, отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынастың маңызын түсіндіру, сыйластық, қамқорлық, жауапкершілік қасиеттерін дамыту және эмпатия мен өзін еркін білдіру дағдыларын қалыптастыру болды.

Тренинг барысында оқушылар түрлі психологиялық жаттығулар орындады. «Сиқырлы есім» жаттығуы арқылы әр қатысушы өзін таныстырып, отбасындағы рөлі туралы айтты. «Отбасы деген не?» атты миға шабуыл кезеңінде оқушылар отбасы туралы ойларын ортаға салып, өз пікірлерін стикерлерге жазып, кластер құрастырды. Сонымен қатар, топтық жұмыс барысында «Отбасылық құндылықтар ағашын» жасап, отбасының негізі болып табылатын сүйіспеншілік, сенім, қолдау, бірлік секілді құндылықтарды сипаттады.

Сабақтың келесі бөлімінде оқушылар шығармашылық тапсырмалар орындап, өз отбасыларына арналған ерекше мереке ойлап тапты. Ал «Жүректен жүрекке» жаттығуында отбасы мүшелеріне арнап алғыс пен ізгі тілектер жазылған хаттар дайындады. Рефлексия кезеңінде оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерімен бөлісіп, отбасыға деген жылы сезімдерін білдірді.



Қыркүйек айының 11-і күні мектеп-лицейде 2–11 сынып ата-аналарына арналған «Баланың психологиялық денсаулығы: ата-ананың рөлі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың мақсаты – баланың психологиялық денсаулығын сақтаудағы ата-ананың рөлін түсіндіру және мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту болды.

Жиналыс барысында баланың эмоционалдық жағдайының оқу үлгеріміне әсері, отбасындағы жағымды атмосфераның маңызы, жасөспірімдік кезеңдегі қолдау, буллингтің алдын алу және балаға сенім мен бақылау арасындағы тепе-теңдікті сақтау мәселелері талқыланды. Сонымен қатар ата-аналарға психологиялық қолдау бойынша ақпараттық брошюралар таратылды.



Қыркүйек айының 26–30 күндері аралығында 1-сынып оқушыларының майда нәзік қимыл әрекеттерінің қалыптасуын, үйлесімділігін және мектепке даярлық деңгейін анықтау мақсатында «Керн-Йерасек» тесті жүргізілді. Зерттеуге 284 оқушы қатысты.


Тест үш тапсырмадан тұрды: ой бойынша адам бейнесін салу, жазба әріптерін үлгіден көшіру және нүктелер тобын көшіріп салу. Әдістеме арқылы оқушылардың саусақ қимылдарының үйлесімділігі, зейін тұрақтылығы және берілген нұсқауды орындау деңгейі анықталды.

Қорытынды нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінің мектепке жақсы бейімделгені және мектепке деген көзқарасының оң екендігі байқалды. 1-сынып жетекшілерінің жүйелі жұмысының нәтижесінде бейімделу кезеңі сәтті өтті. Төмен нәтиже көрсеткен 4% оқушылармен сынып жетекшілерімен бірлесе отырып қосымша жұмыстар жүргізу ұсынылды. Балаларды бақылау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады.

«Керн Йерасектің баланың мектепке оқуға психологиялық дайындығын анықтау» әдістемесі бойынша төмендегідей нәтиже көрсеткіштерін көрсетті:


Сыныбы	Жоғары	Орташа	Төмен
1 «А» сынып	62,5%	32,5%	5%
1 «Ә» сынып	54%	46%	0%
1 «Б» сынып	61%	36%	3%
1 «В» сынып	43%	52%	5%
1 «Г» сынып	37,5%	62,5%	0%
1 «Ғ» сынып	39,5%	53%	7,5%
1 «Д» сынып	65%	35%	0%

1 «Е» сынып	37%	53 %	10%
-------------	-----	------	-----



1 -сыныптар бойынша барлығы- 284 оқушы қатысты . Мектепке дайындық деңгейі жоғары оқушы - 50%.

Мектепке дайындық деңгейі орташа оқушы - 46%. Мектепке дайындық деңгейі төмен оқушы- 4% көрсетті.



Қыркүйек айының 16–26 күндері аралығында 5–11 сынып оқушылары арасында буллингтің алдын алу мақсатында Д. Ольвеус сауалнамасы жүргізілді. Зерттеуге 1295 оқушы қатысты. Сауалнаманың мақсаты – оқушылар арасындағы буллингтің таралу деңгейін, буллинг түрлерін анықтау және мектептегі психологиялық ахуалды бағалау болды.

Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың басым бөлігі – 1246 оқушы (96%) мектепте өздерін қауіпсіз сезінетінін көрсетті. Ал буллингке ұшыраған оқушылардың үлесі 4% (50 оқушы) екендігі анықталды.

Қорытындылай келе, сауалнама нәтижелері оқушылар арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін анықтауға және алдын алу жұмыстарын жоспарлауға мүмкіндік берді. Анықталған оқушылармен жеке әңгімелесу, психологиялық қолдау көрсету және сынып жетекшілерімен бірлесе отырып түзету-алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстары ұйымдастыру ұсынылды.

Д. Ольвеус сауалнамасы арқылы буллинг анықталған оқушылармен жұмыс жоспары құрылды.


Мақсаты: буллинг құрбаны мен агрессорына психологиялық қолдау көрсету, қауіпсіз орта қалыптастыру, қайталанудың алдын алу.

№	Жұмыс бағыты	Мазмұны	Орындаушы	Мерзімі
1	Жеке кеңес беру	Құрбан болған оқушылармен жеке әңгімелесу, қорқыныш пен уайым деңгейін төмендету, өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту	Психолог	Жыл бойы
2	Әлеуметтік-психологиялық қолдаумен тіркелген білім алушының жеке басын зерттеудің жеке картасын толтыру	Толық ақпарат жинақтау және жағдайды нақтылау	Психолог	Жеке кеңес беру барысында
3		Құрбан және агрессор оқушылардың ата-аналарымен жеке кеңес, бірлескен қолдау стратегияларын құру	Психолог	Қажеттілігіне қарай
4	Топтық тренингтер	Сынып ішінде «Достық қарым-қатынас», «Сенім шеңбері», «Қақтығысты бейбіт шешу» жаттығулары	Психолог	Жоспар бойынша
5	Қайталама мониторинг	Оқушылардың жағдайын қайта тексеру (сауалнама, әңгімелесу)	Психолог	Жарты жыл сайын

Қыркүйек айының 23-і күні 6–7 сынып оқушыларымен «Буллингтің алдын алу – ортақ жауапкершілік» тақырыбында жиналыс өткізілді. Жиналыстың мақсаты – мектептегі буллингтің алдын алу, оқушыларға буллингтің түрлері мен салдарын түсіндіру және қауіпсіз орта қалыптастыру болды.

Жиналыс барысында психолог буллингтің түрлері, оның зиянды әсері және қорғану жолдары туралы баяндама жасады. Сонымен қатар оқушыларға бала құқығы туралы конвенция таныстырылып, өзара сыйластық пен достық қарым-қатынастың маңызы түсіндірілді. Оқушыларға қиын жағдайда көмек сұраудың қажеттілігі айтылып, қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Қорытындылай келе, шара барысында оқушылар буллингтің алдын алу әр адамның ортақ жауапкершілігі екенін түсініп, бір-біріне құрметпен қарау туралы ортақ келісімге келді.




Сонымен қатар, Қыркүйек айының 15–16 күндері аралығында 10-сынып оқушылары арасында шеттетілген оқушыларды анықтау мақсатында «социометрия» әдістемесі жүргізілді. Зерттеудің мақсаты – сынып ішіндегі оқушылар арасындағы қарым-қатынас жүйесін анықтап, достық топтар мен шеттетілген оқушыларды айқындау болды. Зерттеуге 146 оқушы қатысты.

Нәтижесінде: лидерлер – 15, беделділер – 28, орта беделділер – 30, топтан қалмаушылар – 73 оқушы екені анықталды.

Қазан айының 7-і күні 5–11 сынып оқушыларына «Буллингтің алдын алу» тақырыбында арнайы мамандар тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Іс-шараның мақсаты – оқушыларға Stop Bullying QR кодының жұмыс істеу тәртібін таныстыру және буллингтің алдын алу бойынша ақпарат беру болды.

Кездесу екі ауысымда (таңғы 10:00 және түскі 14:15) ZOOM платформасы арқылы өткізілді. Түсіндірме барысында Stop Bullying QR кодының қолданылу жолдары, оның маңызы мен ерекшеліктері, сондай-ақ буллинг жағдайларын жедел хабарлау тетігі туралы толық ақпарат берілді. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, мамандар тарапынан жан-жақты жауап алды.

Қорытындылай келе, оқушылар буллингтің алдын алу бағытындағы заманауи цифрлық мүмкіндіктермен танысып, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың маңызын түсінді. Сонымен қатар бұл бағыттағы жұмыстардың алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасатыны айтылып, келесі кездесулер мен ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары жоспарланатындығы жеткізілді.



Қазан айының 06 күні 5 «Д» сынып қыздарымен «Біз буллингке қарсымыз!» тақырыбында тренинг өткізілді. Барысы: Тренингке 5 «Д» сынып қыздары қатысты. Алдымен буллингтің мәні, түрлері және оның алдын алу жолдары түсіндіріліп, бөлінушілік пен ұсақ келіспеушіліктердің буллингке айналмауы үшін өзара сыйластықтың маңызы айтылды. Одан кейін «Өз орныңды тап!» ойыны ойнатылып, оқушылар бір-бірімен қарым-қатынасты жақсарту және ортақ қызығушылықтарды табу арқылы өзара түсіністікті дамытты. Сонымен қатар «Жасырын жақсы сөз» жаттығуы жүргізіліп, әр оқушы сыныптасына жылы лебіздер мен жағымды пікірлер жазу арқылы сынып ішінде жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды. Жаттығулар барысында оқушылар өз ойларымен бөлісіп, жақсы эмоция алғандарын жеткізді. Қорытынды: Тренинг барысында оқушылар белсенділік танытып, бір-бірін жақынырақ танып, достық қарым-қатынасты нығайтты. Сыныпта жағымды көңіл-күй мен өзара қолдау атмосферасы қалыптасып, буллингтің алдын алуға бағытталған жұмыс өз нәтижесін көрсетті.



7–11 сынып оқушылары арасында А.Бектің «Үмітсіздік шкаласы» әдістемесі жүргізілді

Қазан айының 01–06 күндері аралығында 7–11 сынып оқушылары арасында А. Бектің «Үмітсіздік шкаласы» әдістемесі жүргізілді. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың болашаққа деген көзқарасын, өмірлік ұстанымын, үмітсіздік деңгейін және өмірге сенім мен пессимистік ойлардың болу деңгейін анықтау болды. Зерттеуге 767 оқушы қатысты.

1. Психологиялық ахуалды нығайту мақсатында мотивациялық және өзін-өзі тануға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру

№	Деңгейі	Оқушылар саны	Пайызы (%)	Сипаттамасы
1	Төмен деңгей	458	60%	Болашаққа сеніммен қарайды, мақсаттары айқын. Өмірге оптимистік көзқараспен қарайды
2	Орта деңгей	237	31%	Кей жағдайларда сенімсіздік пен күмән байқалады
3	Жоғары деңгей	72	9%	Болашаққа сенімсіздік пен пессимистік ойлар басым

Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың 60%-ында төмен деңгей, 31%-ында орташа деңгей анықталды. Бұл олардың болашаққа сеніммен қарап, өмірлік мақсаттарының бар екенін және жалпы оптимистік көзқарастың басым екенін көрсетеді. Дегенмен, кейбір оқушыларда үмітсіздік деңгейінің жоғарылауы және өмірлік сенімнің төмендеуі байқалды. Бұл оқушылармен қосымша психопрофилактикалық және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, сынып жетекшілерімен бірлесіп ақпарат жинау және жүйелі бақылау ұйымдастырылды.

Қазан айының 08.10.2025 ж күні 2 «Д» сынып оқушыларымен «Тәртіп – оқушының мәдениетті тұлға болып қалыптасуындағы маңызды қасиет» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Мақсаты – оқушылардың тәртіп туралы түсінігін кеңейту, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға үйрету, өзара сыйластық пен мәдени қарым-қатынас дағдыларын дамыту және дұрыс пен бұрысты ажырата білуге бағыттау болды. Жұмыс барысында «Жақсы қылық – жаман қылық» рөлдік ойыны ойнатылып, оқушылар түрлі жағдаяттарды сахналау арқылы дұрыс және бұрыс әрекеттерді ажыратуды үйренді. Сонымен қатар «Мектептегі тәртіп ережелері» тапсырмасы орындалып, әр оқушы өз ережесін құрастырып сынып алдында таныстырды. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, бір-бірінің пікірін тыңдауға, ортақ шешім қабылдауға дағдыланды.



Қазан айының 06–16 күндері аралығында 10–11 сынып оқушылары арасында Рассел мен Фергюсонның “Жалғыздықты анықтау әдістемесі” жүргізілді. Зерттеу “Жанұя” платформасы арқылы топтық форматта өткізілді. Мақсаты – оқушылардың жалғыздық сезімін, эмоциялық жай-күйін және әлеуметтік қарым-қатынасқа бейімделу деңгейін анықтау болды. Зерттеуге 224 оқушы қатысты.

Әдістеме барысында оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, эмоциялық жағдайы және қарым-қатынас жасау ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың 83%-ы жалғыздықтың төмен деңгейін көрсетті, яғни олар өз ортасында белсенді, ашық және қарым-қатынасқа еркін бейімделген. 16%-ында орта деңгейдегі жалғыздық байқалды, бұл кей кездері оқшаулану сезімі болғанымен, жалпы әлеуметтік бейімделуі қалыпты екенін көрсетеді. Ал 1% оқушыда жалғыздықтың жоғары деңгейі анықталып, олардың өзіне сенімсіздігі мен қарым-қатынаста қиындықтары бар екені байқалды. Осыған байланысты жалғыздық деңгейі жоғары және орташа көрсеткен оқушылармен қосымша психологиялық қолдау, жеке кеңес беру және әлеуметтік бейімделуді дамыту жұмыстары жоспарланды.

Нәтижелердің жалпы сипаттамасы:

Сынып

Жоғары деңгей

Орта деңгей

Төмен деңгей

10-сынып	1% (2 оқушы)	12% (26 оқушы)	87% (104 оқушы)
11-сынып	1% (1 оқушы)	20% (11 оқушы)	25% (79 оқушы)
Барлығы	1%	16%	83%

Қазан айының 08–10 күндері аралығында 5-сынып оқушылары арасында мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Филлипс тесті жүргізілді. Зерттеудің мақсаты – орта жастағы оқушылардың мазасыздық түрін және деңгейін анықтау болды. Тест 58 сұрақтан құралды және мектептегі жалпы мазасыздық, әлеуметтік стресс, табысқа жету қажеттілігінің бұзылуы, өзін-өзі көрсетуден қорқу, білімді тексеру жағдайынан қорқу, басқалардың үмітін ақтаудан қорқу, стресске физиологиялық қарсылықтың төмендігі және мұғалімдермен қарым-қатынастағы қиындықтар сияқты көрсеткіштерді зерттеуге бағытталды.

Зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың мазасыздық деңгейлері сараланды. Алынған мәліметтер негізінде әр сыныптағы психоэмоциялық жағдайға талдау жасалып, жоғары мазасыздық көрсеткен оқушылармен жеке психологиялық жұмыс жүргізу жоспарланды. Сонымен қатар мектептегі бейімделу мен эмоционалдық тұрақтылықты арттыруға бағытталған алдын алу және түзету жұмыстары жалғасын табады.

Нәтиже төмендегідей:

Сыныбы	Төмен	Орта	Жоғары
5 «А»	76%	23%	0%
5 «Ә»	83%	17%	0%
5 «Б»	72%	28%	0%
5 «В»	67%	23%	10%
5 «Г»	80%	17%	3%
5 «Ғ»	80%	20%	0%
5 «Д»	75%	25%	0%
5 «Е»	72%	24%	4%

Қазан айының 22 күні 5-сынып оқушыларының жаңа оқу ортасына психологиялық бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында «Жаңа ортаға бейімделу» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Мақсаты – оқушылардың өзара қарым-қатынасын дамыту, ұжымда достық пен бірлікті нығайту, өзін-өзі бағалау мен сенімділікті арттыру және оқу процесіне қызығушылығын қалыптастыру болды.

Жұмыс барысында оқушылармен «Шаттық шеңбері» арқылы жағымды психологиялық атмосфера қалыптастырылып, «Ортақ ұқсастық» ойыны арқылы танысу және өзара қарым-қатынасты дамыту жүзеге асырылды. Сонымен қатар «Сиқырлы орындық» жаттығуы арқылы оқушылар бір-бірінен жылы пікірлер алып, өз-өзіне сенімділігін арттырды. «Біздің сынып қандай болсын?» атты топтық жұмыс барысында оқушылар сыныптың болашағы туралы өз ойларын сурет және жазба арқылы білдірді. Сонымен бірге оқушылар бір-біріне қолдау көрсетудің, өз ойын еркін

жеткізудің және ортақ шешім қабылдаудың маңыздылығын түсінді. Соңында кері байланыс жүргізіліп, оқушылар стикерлерге өз әсерлерін жазып, жағымды эмоциямен бөлісті.

Қорытындылай келе, сабақ барысында оқушылар өздерін еркін сезініп, белсенділік танытты. Сынып ішінде жағымды психологиялық ахуал қалыптасып, өзара түсіністік пен сыйластық артты. Оқушылардың эмоционалдық жағдайы тұрақтанып, мектепке деген қызығушылығы мен бейімделу деңгейі жақсара түсті.



Қазан айының 23.10.2025 ж күні 1-сынып оқушыларының мектеп өміріне психологиялық бейімделуін қолдау мақсатында «Мектеп – ортақ үйіміз» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Мақсаты – оқушылардың мектепке оң бейімделуін қамтамасыз ету, өз-өзіне сенімділігін арттыру, достық пен өзара қолдау сезімдерін қалыптастыру болды. Жұмыс барысында «Жүрек жылуы» арқылы оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнатылып, «Сиқырлы айна» жаттығуы арқылы өзін-өзі бағалау мен позитивті қабылдау дамытылды. «Қуанышты доп» ойыны оқушылардың сөйлеу дағдысын және өз ойын еркін жеткізу қабілетін жетілдіруге бағытталды. «Достық қолдары» жаттығуы арқылы өзара қолдау сезімі қалыптастырылды, ал «Біздің сынып» тапсырмасында оқушылар сынып құндылықтарын бірге анықтады. Қорытынды бөлімде «Жылы күн» жаттығуы жүргізіліп, жағымды эмоциялық ахуал қалыптастырылды. Қорытындылай келе, сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, бір-бірімен жылы қарым-қатынас орнатты. Балалардың өзара сыйластық, достық және мейірімділік дағдылары дамып, мектепке деген жағымды көзқарасы қалыптасты. Оқушылар сабақ соңында жақсы көңіл күймен таряды.



Қазан айының 16–18 күндері аралығында «Өркен» әзірлеген зорлық-зомбылықты анықтау бойынша экспресс-сауалнама 5–11 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың зорлық-зомбылыққа (психологиялық, физикалық, вербалды, әлеуметтік) ұшырау немесе бейімдік деңгейін анықтап, қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру бағыттарын айқындау болды. Зерттеуге барлық 5–11 сынып оқушылары қатысты.

Жалпы нәтижелер бойынша мектептегі психологиялық ахуал тұтастай алғанда жақсы деңгейде. Көпшілік оқушылар өзін қауіпсіз сезінетінін көрсеткенімен, кейбір оқушылар тарапынан эмоционалды және әлеуметтік зорлық-зомбылықтың жекелеген жағдайлары байқалатыны анықталды. Әлеуметтік желідегі зорлық-зомбылық бойынша оқушылардың басым бөлігі мұндай жағдайдың жоқ екенін көрсетсе, аз бөлігі оның кейде кездесетінін белгілеген. Мектеп ішіндегі зорлық-зомбылық бойынша да көпшілік оқушы теріс жағдайға тап болмағанын білдірген, алайда аз пайызда эмоционалды қысым немесе қолайсыз қарым-қатынас белгілері кездесетіні анықталды.

Жалпы қорытындылай келе, мектептегі психологиялық ахуал қанағаттанарлық деңгейде болғанымен, кейбір сыныптарда оқушылардың эмоционалдық жай-күйі мен өзара қарым-қатынасына қосымша назар аудару қажет екені байқалды. Алынған мәліметтер негізінде достық қарым-қатынасты нығайту, өзара сыйластықты арттыру және қауіпсіз орта қалыптастыру бағытында профилактикалық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу жоспарланды.

Қазан айында 15 күні 1–4 сынып оқушылары арасында «Ағаштағы адам» проективті әдістемесі арқылы бейімделу деңгейін зерттеу жүргізілді. Зерттеудің мақсаты – оқушылардың психоэмоционалдық жағдайын, өзін-өзі бағалау деңгейін, қоршаған ортамен қарым-қатынасын және мектепке бейімделу мүмкіндіктерін анықтау болды. Зерттеуге 1-сыныптан – 260 оқушы, 2-сыныптан – 253 оқушы, 3-сыныптан – 272 оқушы, 4-сыныптан – 286 оқушы қатысты.

Жалпы нәтижелер бойынша оқушылардың басым бөлігі (53–80%) психологиялық тұрғыдан тұрақты, белсенді типке жатады. Бұл балалардың эмоционалдық жағдайы тұрақты, оқу үдерісіне қызығушылығы жоғары, жаңа ортаға тез бейімделетіні және қарым-қатынасқа ашық екені анықталды.

Ал қалған оқушылар (20–47%) тұрақсыз, бейімделуі төмен типке жатады. Бұл топта жаңа ортаға бейімделу барысында эмоционалдық тұрақсыздық, сенімсіздік және әлеуметтік ортаға баяу бейімделу белгілері байқалады.

Жалпы алғанда, 1–4 сынып оқушыларының көпшілігі мектепке оң бейімделген. Дегенмен бейімделуі төмен оқушылармен психологиялық қолдау, ойын және қарым-қатынасқа бағытталған түзету жұмыстары жүргізу қажеттігі анықталды. Мұғалімдерге бейімделу кезеңінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып қолдау көрсету ұсынылды.

Қазан айының 30.10.2025 ж күні 9-сынып оқушылары арасында «Стресс және оны жеңу жолдары» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты – оқушылардың эмоционалды күйін тұрақтандыру, психологиялық шиеленісті төмендету және стресспен күресудің тиімді тәсілдерін үйрету болды.

Тренинг барысында оқушыларға стресс ұғымы түсіндіріліп, оның пайда болу себептері мен белгілері талқыланды. «Менің стрессім» жаттығуы арқылы оқушылар өз уайымдарымен бөлісті, «Тыныс алу жаттығулары» арқылы релаксациялық әдістер меңгерілді, «Жағымды ойлар» жаттығуы позитивті ойлауды дамытуға бағытталды, ал «Сен жалғыз емессің» жаттығуы топтық қолдау атмосферасын қалыптастырды.

Қорытындылай келе, тренинг барысында оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын ашық жеткізді. Эмоционалдық жағдайлары жеңілдеп, стресс жағдайында өзін-өзі реттеу тәсілдерін меңгерді. Оқушылардың психологиялық тұрақтылығы мен өз-өзіне деген сенімділігі арта түсті.


Қазан айының 08–10 күндері аралығында 5-сынып оқушылары арасында мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Филлипс тесті жүргізілді. Зерттеуге 228 оқушы қатысты. Тест 58 сұрақтан тұрып, мектептегі жалпы мазасыздық, әлеуметтік стресс, табысқа жету қажеттілігі, өзін-өзі көрсетуден қорқу, бақылау жағдайларынан қорқу, мұғалімдермен қарым-қатынас сияқты негізгі көрсеткіштерді қамтыды.

Жалпы нәтижелер бойынша мектепке жалпы мазасыздық деңгейі жоғары – 3%, орта – 22%, төмен – 75% құрады.


Қорытындылай келе, 5-сынып оқушыларының басым бөлігінде мазасыздық деңгейі төмен екені анықталды. Дегенмен кейбір оқушыларда оқу үдерісіне, бағалауға және мұғаліммен қарым-қатынасқа байланысты жеңіл уайым байқалады, бұл олардың эмоционалдық жағдайына және оқу мотивациясына әсер етуі мүмкін.

Нәтиже төмендегідей:

Сыныбы	Төмен	Орта	Жоғары
5 «А»	76%	23%	0%
5 «Ә»	83%	17%	0%
5 «Б»	72%	28%	0%
5 «В»	67%	23%	10%
5 «Г»	80%	17%	3%
5 «Ғ»	80%	20%	0%
5 «Д»	75%	25%	0%
5 «Е»	72%	24%	4%



5-сынып бойынша барлығы - 228 оқушы қатысты
 Мектепке жалпы мазасыздық деңгейі жоғары-3%
 Мектепке жалпы мазасыздық деңгейі орта -22%
 Мектепке жалпы мазасыздық деңгейі төмен - 75%



Қараша айының 07–10 күндері аралығында 6-сынып оқушылары арасында мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында Филлипс тесті жүргізілді. Зерттеуге 183 оқушы қатысты. Тест 58 сұрақтан тұрып, мектептегі жалпы мазасыздық, әлеуметтік стресс, табысқа жету қажеттілігі, өзін-өзі


көрсетуден қорқу, бақылау жағдайларынан қорқу, басқалардың үмітін ақтау, стресске физиологиялық қарсылық және мұғалімдермен қарым-қатынас сияқты негізгі көрсеткіштерді қамтыды.

Қорытындылай келе, Филлипс тестінің нәтижелері бойынша 6-сынып оқушыларының басым бөлігінде жалпы мазасыздық деңгейі төмен екені анықталды. Дегенмен кейбір оқушыларда оқу үдерісіне, бағалауға және мұғаліммен қарым-қатынасқа байланысты жеңіл уайым белгілері байқалады. Бұл жағдай олардың эмоционалдық тұрақтылығына, өзіне деген сенімділігіне және оқу мотивациясына әсер етуі мүмкін.

Ұсыныстар ретінде оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығын арттыру мақсатында тренингтер мен ойын жаттығуларын ұйымдастыру, сондай-ақ мұғалімдерге оқушылармен жеке қолдау көрсету және сенімді қарым-қатынас орнату ұсынылады.

Нәтиже төмендегідей:


Сыныбы	Төмен	Орта	Жоғары
6 «А»	92%	4%	4%
6 «Ә»	79%	21%	0%
6 «Б»	96%	4%	0%
6 «В»	100%	0%	0%
6 «Г»	93%	7%	0%
6 «Ғ»	80%	16%	4%
6 «Д»	78%	22%	0%



6-сынып бойынша барлығы - 183 оқушы қатысты
Мектепке жалпы мазасыздық деңгейі жоғары-2%

Мектепке жалпы мазасыздық деңгейі орта -10%

Мектепке жалпы мазасыздық деңгейі төмен - 88%




Қараша айының 12.11.2025 ж күні «Менің досым – менің қуанышым» тақырыбында сынып оқушыларымен психологиялық жұмыс жүргізілді. Мақсаты – балалардың достық туралы түсінігін қалыптастыру, бір-бірінің жақсы қасиеттерін бағалау дағдыларын дамыту және сыныпта жылы қарым-қатынас пен бірлік атмосферасын орнату болды.

Жұмыс барысында оқушылармен «Достық гүлі» жаттығуы арқылы жақсы досқа тән қасиеттер анықталды, «Досыңды түсінемін» тапсырмасында өзара түсіністік пен қиын жағдайдағы әрекет ету жолдары талқыланды. «Досымның жақсы қасиеттері» жаттығуы арқылы балалар бір-біріне жағымды пікір айтып, «Кімнің дауысы?» ойыны арқылы тыңдау және тану дағдылары дамытылды. Қорытынды бөлімде «Дос болайық!» жаттығуы өткізіліп, оқушылар бір-біріне жылы тілектерін стикерлер арқылы білдірді.

Сонымен қатар, сабақ барысында оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы жоғары деңгейде болды, балалар өз ойларын еркін жеткізіп, топпен жұмыс істеу дағдыларын көрсетті. Жаттығулар барысында кейбір оқушылардың қарым-қатынасқа ашықтығы артқаны, ал енді бір бөлігінде өз ойын жеткізуде бастапқыда қысылу байқалғанымен, соңында белсенділік танытқаны анықталды. Бұл олардың эмоционалдық еркіндігін дамытуға оң әсер етті.

Қорытындылай келе, сабақ барысында оқушылар белсенділік танытып, достық қарым-қатынастың маңызын түсінді. Сыныпта өзара сыйластық пен жылы психологиялық атмосфера қалыптасты. Оқушылардың бір-біріне деген сенімі артып, ұжымдық бірлік сезімі нығая түсті.



2025 жылғы қарашаның «15» күні 5-сынып ата-аналарына арналған ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа мектеп психологтары қатысып, психологиялық қызметтің бағыттары бойынша таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Жиналыс барысында ата-аналарға мектептегі психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеттері, 5-сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты психологиялық даму сипаттамалары және орта буынға өтудегі бейімделу кезеңінің ерекшеліктері түсіндірілді.

Сонымен қатар оқушыларға жүргізілген психологиялық диагностиканың жалпыланған нәтижелері ұсынылып, олардың мектепке бейімделу деңгейі, оқу мотивациясы, эмоционалдық жағдайы, сынып ішіндегі қарым-қатынасы және мазасыздық деңгейі бойынша жалпы көрсеткіштері талқыланды.

Жиналыс барысында ата-аналарға балалардың психологиялық саулығын сақтау, оқу мотивациясын арттыру, отбасылық қарым-қатынасты нығайту және жас ерекшеліктеріне сәйкес қолдау көрсету бойынша практикалық ұсыныстар берілді. Сондай-ақ диагностикалық мәліметтердің құпия сақталатыны және әр бала бойынша жеке ақпарат тек ата-анамен жеке кенес барысында қарастырылатыны ескертілді.

Қорытынды бөлімде ата-аналардың сұрақтарына жауап беріліп, мектеп психологымен кері байланыс орнату жолдары түсіндірілді.

«Досбол Like: Достық қолын ұсын» акциясы 2025 жылғы 12–14 қараша аралығында 5,6,7-сынып оқушылары арасында өткізілді. Акцияның мақсаты оқушылар арасында достық, мейірімділік, сенім және өзара көмек сезімдерін дамыту, бір-біріне құрметпен қарауға баулу және ұжымдық рухты нығайту болды.

Акция барысында оқушылар достық туралы өз ойларын білдіріп, түрлі-түсті қағаздарға достарына арналған жылы тілектер жазды. «Достық алақаны» атты ортақ плакатқа өз қолдарының бейнесін орналастырып, оған жақсы лебіздерін қосты. Сонымен қатар достық сәттерінен фотокөрме ұйымдастырылып, оқушылардың белсенділігі мен шығармашылығы артты. Қорытындылай келе, акция оқушылардың бір-біріне деген сыйластығын күшейтіп, сыныптар арасында жылы психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етті. Оқушылар достықтың маңызын түсініп, өзара қолдау мен мейірімділіктің құндылығын сезінді.



2025–2026 оқу жылында 8 «Ә» сыныбының пәндерге деген қызығушылығын анықтау мақсатында топтық форматта сауалнама жүргізілді. Сауалнама 30–45 минутқа созылып, 8 «Ә» сыныптың 27 оқушысы қатысты. Зерттеу барысында оқушыларға «Қай пән ұнайды?», «Қай пән қызықты өтіледі?», «Қай пән мүлдем ұнамайды?» және «Қай пәндер қиындық тудырады?» деген 4 сұрақ қойылды. Оқушылар өз жауаптарын еркін білдіріп, пәндерге деген қызығушылығы мен оқу барысында кездесетін қиындықтарын көрсетті. Жалпы нәтижелер бойынша оқушылардың басым бөлігі жаратылыстану және шығармашылық бағыттағы пәндерге қызығушылық танытатыны байқалды, ал кейбір пәндер бойынша оқушыларға қосымша түсіндіру мен қолдау қажет екені анықталды. Жүргізілген сауалнама сыныптағы оқу мотивациясын анықтауға және алдағы оқу-тәрбие жұмысын тиімді жоспарлауға мүмкіндік берді.

Нәтижесі төмендегідей:

№ 1	Қай пән ұнайды ?	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ	ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ	ОРЫС ТІЛІ	АҒЫЛШИН ТІЛІ	БИОЛОГИЯ	ГЕОМЕТРИЯ	АЛГЕБРА	ХИМИЯ	ФИЗИКА	ГЕОГРАФИЯ	ИНФОРМАТИКА
-----	------------------	--	--	--	-------------------	-----------	--------------	----------	-----------	---------	-------	--------	-----------	-------------

	Таңдаған оқушы саны	3	3	14	4	10	11	5	0	12	3	4	0	8	
	Пайыздық көрсеткіші	11%	11%	52%	14%	37%	40%	7%	0%	44%	11%	14%	0%	18%	
№ 2	Қай пән қызықты?	ҚАЗАҚСТАН ТІЛІ	ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ	ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ	ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ	ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ	ОРЫС ТІЛІ	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	БИОЛОГИЯ	ГЕОМЕТРИЯ	АЛГЕБРА	ХИМИЯ	ФИЗИКА	ГЕОГРАФИЯ	ИНФОРМАТИКА
	Таңдаған оқушы саны	0	2	16	8	0	1	10	6	1	10	5	4	0	4
№3	Пайыздық көрсеткіші	0%	7%	59%	29%	0%	3%	37%	22%	3%	37%	18%	14%	0%	14%
	Қай пән мүлдем ұнамайды?	ҚАЗАҚСТАН ТІЛІ	ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ	ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ	ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ	ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ	ОРЫС ТІЛІ	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	БИОЛОГИЯ	ГЕОМЕТРИЯ	АЛГЕБРА	ХИМИЯ	ФИЗИКА	ГЕОГРАФИЯ	ИНФОРМАТИКА
	Таңдаған оқушы саны	4	6	0	5	0	1	4	1	0	8	12	6	1	1

Пайыздық көрсеткіші	14%	22%	0%	18%	0%	3%	14%	3%	0%	29%	44%	22%	3%	3%
---------------------	-----	-----	----	-----	----	----	-----	----	----	-----	-----	-----	----	----

№ 1	Саған қиындық тудыратын пәндерді ата ?	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	ҚАЗАҚ АҚС ТАР ИХЫ	ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИ ХЫ	ОРЫС ТІЛІ	АҒЫЛШ ҒЫЛ ИМ	БИОЛОГИЯ	ГЕОМЕТРИЯ	АЛГЕБРА	ХИМИЯ	ФИЗИКА	ГЕОГРАФИЯ	ИНФОРМАТИКА	
	Таңдаған оқушы саны	4	8	2	4	1	2	5	0	15	18	9	4	9
	Пайыздық көрсеткіші	14%	29%	7%	14%	3%	7%	18%	0%	55%	66%	33%	17%	33%

	Сен ұстаздарыңның сабақ беру (өткізу) тәсіліне көңілің толады ма? Көңілің толатын қай пәнді ерекше атап өтетін едің? Себебі?	Сен ұстаздарыңның сабақ беру (өткізу) тәсіліне көңілің толмайтын қай пәнді ерекше атап өтетін едің? Себебі?
1	Информатика	Орыс тілі
2	Тарих	География
3	Ағылшын, Дүниежүзі тарихы. Себебі ол маған өте қызықты, оңай мен үшін.	Химия, алгебра, физика. Себебі қиын әрі түсініксіз
4	Ия көңілім толады. Қазақстан тарихы ең күшті пән. Өйткені қызықты әрі күшті.	Барлығына көңілім толады. Бірақ сабақ қиын күніне сегіз сабақ. Бұл қиын әрі сумкамыз ауыр.

5	Қазақстан тарихы пәніне көңілім толады.Ағай сабақты қызықты қызықты қылып өтедіжәне сабақты өте жақсы түсіндіреді.	Ағылшын пәні мұғалімі ұнамайды . Химия пәні мұғалімі бағаны дұрыс қоймайды.
6	Алгебра қызықты	Орыс тілі,Химия.
7	Жұлдыз апай,Несіп апай ,Қалия апай.	Ағылшын апай,Парасат апай . Бағаны төмендетеді
8	Ия көңілім толады алгебра,ағылшын тілі қызық болады.	Барлық сабаққа көңілім толады
9	Қазақстан тарихы ,Қазақ тілі апай көңілді апай.Физика апай мейрімдіжәне әділ баға қояды.	География ,себебі апай ұмытсаң ұрсады.Бағаны төмендетеді.
10	Алгебра,Информатика,Қазақстан тарих.	Ағылшын,Химия,Қазақ әдебиеті.Себебң ағылшын апай бағаны дұрыс қоймайды.
11	Алгебра,химия ,физика,Қазақстан тарихы,Қазақ әдебиеті,Қазақ тілі,геометрия өте ерекше ұнайды.Себебі осы сабақтар маған қызықты.	
12	Қазақстан тарихы,Қазақ тілі	Физика
13	Бәріне көңілім толады.Тырыссаң бағанды қояды.	Маған тек химия апай ұнамайды .Тырыссаң да төмен баға береді. Меніңше ол апай қай баланың оқымағанын көрсе сол баланың бағасын төмендетіп қоя береді.
14	Көбіне көңілім толады	Химия апайға көңілім толмайды бағаны төмендетіп қояды.Ағылшын апайды.
15	Қазақстан тарихы,Қазақ тілі,Орыс тілі түсіну оңай.	Биология,Химия,Ағылшын,Физика қызықсыз түсіндіреді төмен баға көп қояды.
16	Информатика	Орыс тілі
17	Жақсы .Сабақты жақсы түсіндіреді.Қазақстан таихы ағай өте көңілді түсіндіреді.	Ондай жоқ
18	Ия бәрі жақсы бірақ кейде қатты ұрсады.	Ешқандай
19	Толады	Көңілім толады
20	Қазақстан тарихы мен Ағылшын қызықты	Алгебра
21	Қазақстан тарихы өте қызықты	Химия ,Алгебра,Физика
22	Дүниежүзі және алгебра орыс тілі пәндері қызық	Химия,Физика Қазақ тілі
23	Барлық сабақ жақсы	Физика апай кейде баллды қоймайды

24	Ағылшын,орыс тілі қызықты өтеді	Алгебра,химия,физика,биология п ндеріне көңілім толмайды
25	Геометия себебі оны түсінемін	Қазақ әдебиеті
26	Қазақстан тарихы	Қазақ тілі апай сабақ түсіндірмейді
27	Қазақстан тарихы ұнайды	Географияға көңілім толмайды

Қорытынды: 8«Ә» сыныптарының пәндерге деген қызығушылығын анықтауда ұнайтын пәндер, қызықты пәндер,ұнамайтын пәндер және оқушылар үшін қызықсыз пәндер анықталды. 8«Ә» сыныбы бойынша ұнайтын пән ретінде «Қазақстан тарихы» 51 %, «алгебра » 44 % , «ағылшын тілі » 40%, қызықты пән ретінде «Қазақстан тарихы» 59%, «ағылшын» 37%,«алгебра » 37 % ,мүлдем ұнамайтын пән «Химия » 44%, «Алгебра » 29%, қиындық тудыратын пән «Алгебра » 55% , «Химия » 66% көрсеткіш көрсетті.Оқушылардың жауаптарына сәйкес, ұнамайтын және қызықсыз пәндерді таңдаудағы себептері сабақты түсінуде қиыншылықтар туғызады, тәсілі ұнамайды деп көрсеткен.

Ұсыныс: Сынып жетекші пән мұғалімдерімен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал ету. Жоғарыда айтылған білім алушылардың ұсыныстарын пән мұғалімдерінің ескеруі, сынып жетекші пән мұғалімдерімен тығыз байланыста болу, нәтижесімен таныстыру, біріккен жұмыстар жүргізу.

2025-2026 оқу жылында 6 «Ғ» сыныбының пәндерге деген қызығушылығын анықтау сауалнамасы алынды.

Мақсаты: пәндерге деген қызығушылығын анықтау

Өткізу формасы: топтық

Уақыты: 30 - 45 минут.

Қатысушылар: 6 «Ғ» сынып (қатысқаны – 29 оқушы)

Барысы: Сауалнама 4 сұрақтан құралған.

- Сізге қай пән ұнайды?
- Сізге қай пән қызықты өтіледі?
- Сізге қай пән мүлдем ұнамайды?

• Саған қиындық тудыратын пәндерді ата?

№ 1	Қай пән ұнайды ?	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ	ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ	ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ	ОРЫС ТІЛІ	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	БИОЛОГИЯ	ГЕОМЕТРИЯ	МАТЕМАТИКА	ЖАРАТЫЛЫСТАНУ	ИНФОРМАТИКА
	Таңдаған оқушы саны	8	5	5	4	7	17	0	0	16	14	17
	Пайыздық көрсеткіші	27%	17%	17%	13%	24%	58%	0%	0%	55%	48%	58%
№ 2	Қай пән қызықты?	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ	ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ	ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ	ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ	ОРЫС ТІЛІ	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	ГЕОМЕТРИЯ	МАТЕМАТИКА	ЖАРАТЫЛЫСТАНУ	ИНФОРМАТИКА
	Таңдаған оқушы саны	8	8	8	10	0	7	13	0	12	13	17

№3	Пайыздық көрсеткіші	27%	27%	27%	34%	0%	24%	44%	0%	41%	44%	58%
	Қай пән мүлдем ұнамайды?	ҚАЗАҚ ТІЛІ	ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ	ҚАЗАҚ ТАРИХЫ	ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ	ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ	ОРЫС ТІЛІ	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	ГЕОМЕТРИЯ	МАТЕМАТИКА	ЖАРАТЫЛЫСТАНУ	ИНФОРМАТИКА
	Таңдаған оқушы саны	3	8	3	6	0	10	2	0	3	3	2
	Пайыздық көрсеткіші	10%	27%	10%	10%	0%	34%	6%	0%	10%	10%	3%

№ 1	Саған қиындық тудыратын пәндерді ата ?	ҚАЗАҚ ТІЛІ	ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ	ҚАЗАҚ ТАРИХЫ	ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ	ОРЫС ТІЛІ	АҒЫЛШЫН ТІЛІ	ГЕОМЕТРИЯ	МАТЕМАТИКА	ЖАРАТЫЛЫСТАНУ	ИНФОРМАТИКА
-----	--	------------	----------------	--------------	-------------------	-----------	--------------	-----------	------------	---------------	-------------

Таңдаған оқушы саны	4	12	15	14	6	8	0	9	1	1
Пайыздық көрсеткіші	13%	41%	51%	48%	20%	27%	0%	31%	3%	3%

	Сен ұстаздарыңның сабақ беру (өткізу) тәсіліне көңілің толады ма? Көңілің толатын қай пәнді ерекше атап өтетін едің? Себебі?	Сен ұстаздарыңның сабақ беру (өткізу) тәсіліне көңілің толмайтын қай пәнді ерекше атап өтетін едің? Себебі?
1	Иә, көңілім толады. Әсіресе ағылшын ұнайды. Себебі ағылшында апай өте түсінушілікпен сабақ түсіндіреді. Бірақ маған басқа ағылшынды беретін болса да, маған бәрі бір ағылшын ұнайды. Басқа сабақтармен солай.	Маған Жаратылыстану пәніне көңілім толмайды, себебі сыныптастарым шулайды, шулағаннан соң ұстаздар сабақты түсіндіре алмайды. Маған жаратылыстану өте ұнайды және қызық бірақ.
2	Информатика ағай маған ұнайды, сабақтары ұнайды	жоқ
3	Ия толады. Қазақ тілі, информатика, жаратылыстан, математика, ағылшын тілі, орыс тілі дүние жүзі тарихы, қазақстан тарихы.	Менің көңілім толады.
4	Ағылшын - өйткені ойын ойнатқызады. Жаратылыстану – өйткені мен жер туралы мәлімет жақсы көремін. Математика- өйткені маған есеп шығару жеңіл және қызықты.	Апайдың аты Рапия апай. Мен орыс тілінен басқа апайды қалаймын.
5	Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, Дүние жүзі тарихы, орыс тілі, ағылшын, информатика мыналарды мыналарды бәрінің апайы да ағайы да жақсы түсіндіреді және де апайлар да өте жақсы. Математика, жаратылыстану апайлар ұрысқыш дұрыстап түсіндірмейді. Жаратылыстанудағы бұрынғы Аружан апай қызықты түсіндірген.	Математика, жаратылыстану дұрыс түсіндірмейді және де ұрысқыш.
6	Қазақ тілі, Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, Дүние жүзі тарихы, Орыс тілі, Ағылшын, Математика,	Барлық сабақ көңілімді көтереді.

	Жаратылыстану, Информатика – өйткені маған барлық пән ұнайды.	
	Ия менің көңілім толады. Әсіресе ағылшын тілі, өйткені сабақ өте қызықты және маған кішкентай кезімнен ұнайды.	Қазақ әдебиетіне көңілім толмайды және кішкене математика ұнамайды. Өйткені қазақ әдебиетінен жазғызады. Ал математика өйткені маған есеп шығару қызық емес.
8	Маған информатика, жаратылыстану, қазақ тілі, қазақстан тарих, дүниежүзі тарихы- мен бірден осы пәндерді түсінемін.	Барлық сабаққа көңілім толады
9	Информатикада біз бәрін өтсек ағай бізге компьютер береді біз ойнаймыз.	Бәрі жақсы
10	Менің көңілім толатын сабақ ол ағылшын. Ол апай мейірімді ол қатты ұрыспайды, бірнәрсе түсінбесең түсіндіріп береді.	Сондай сабақ жоқ бәрі сабақтан көңілім толады
11	Информатика, жаратылыстану, ағылшын. Өйткені осы сабақтарда мен жақсымын, түсінемін, өте ұнайды.	Қазақ тілі, қазақстан тарихы, орыс тілі, дүние жүзі тарихы- өйткені осы сабақтарда әрдайым жаттау мазмұндау береді. Мен сондайдан жақсы емеспін. Бірақ анам көмектеседі.
12	Мен математикаға көңілім толады. Себебі апай маған мейірімді басқаларға мейірімсіз болса да маған мейірімді, папам маған 1 сағатта үйретеді бірақ апай 5 минутта түсіндіріп береді.	Мен орыс тілді онша қатты білмеймін себебі мен орыс тілді 1-4 классқа дейін үйренбедім, мен ол кезде шет елде болдым (қытайда), қытайда қазақ тілі, әдебиет, орыс тіл, әдебиет өтпейді. Мен сол үшін жақсы білмеймін.
13	Математика Айна апай өте жақсы түсіндіреді Ағылшын Лязат апай жақсы үйретеді, біреудің жауабын сұрағын түйінді түсіндіріп береді.	Бәріне көңілім толады
14	Қазақ тілі: ол жақта апай жақсы, апай жақсы сабақты өтеді Орыс тілі: мен өзім үйде орысша сөйлеймін және маған орыс грамматикасын зерттегім келеді Жаратылыстану: апай жақсы сабақты береді және маған биология ұнайды ал жаратылыстануда ол бар.	Математика: мен математиканы түсінбеймін Қазақ, дүние тарихы: апай ұрысқақ және мен тарихты мүлдем түсінбеймін Қазақ әдебиеті: мен үй жұмысын істеуге үлгермегенмін өйткені апай көп береді.

15	Маған математика пәні қызықты көп есеп түсінетін бірақ түсінбеген есепті апайдан сұрасаң түсіндіріп айтып береді, жаңа апай сабақ кезінде ойнатады. Қазақстан тарихында біз қазақ жеріміздің жақсы білеміз	Кейбір ұстаздар басқа баланы жіберсе ол мені жібермейді сабақты кейбір кезде дұрыс түсінбейсін
16	Маған ең қатты ұнайтын пән қазақ тілі және қазақ әдебиеті. Ол пәндер мен үшін ерекше екеуіненде бір апай береді, ол апай өз ойын нақты білдіреді, анық түсіндіреді, ең жақсы көретін мұғалімім	Орыс тілі апай ұнамайды, мен басқалардан қалам немесе т.б. заттар сұрасам ұрсып отыр дей береді. Бірақ барлық апай жақсы, барлығы жақсы болсын деп ойлайды.
17	Информатика маған қызық, ағай жақсы сыпайы күшті, мен компьютер туралы ақпараттарды тыңдауды жақсы көремін.	Негізі барлық пән ұнайды бірақ, қазақстан тарихынан апай түсіндіргенше балалар шулағандықтан көп сабақты түсінбей қаламын.
18	Математика, информатика, қазақ тілі жақсы түсінікті қызық	Ағылшын тілі, қазақ әдебиеті, ағылшын түсінбеймін, қазақ әдебиеті ішім пысады
К.Янгтың интернетке тәуелділік деңгейін анықтау шкаласы негізінде жүргізілген психодиагностикалық зерттеуге 1113 оқушы қатысты. Зерттеу нәтижесінде 125 оқушыда интернетті шамадан тыс пайдаланумен байланысты кейбір мәселелер бар екені анықталды. Бұл оқушыда интернетті бақылаусыз қолдану, онлайн кеңістікте ұзақ уақыт өткізу, оқу тапсырмаларына назардың төмендеуі және күн тәртібінің бұзылуы байқалуы мүмкін. Қатты интернетке тәуелділік 2 оқушыдан шықты деп Жанұя сайтында көрсетілді. Дегенмен жалған есімдермен әдейі толтырылғаны анықталды. Сол себепті қатты интернетке тәуелділік анықталмады. Қалған оқушылардың бәрінде интернетті пайдалану қалыпты деңгейде екені анықталды, бұл олардың цифрлық ортада өзін-өзі реттей алу қабілетінің қалыптасқанын көрсетті. Қаңтар айының 26 күні 10 «А» сыныбымен Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру мақсатында Дөңгелек үстелге мектеп әкімшілігі, атап айтқанда мектеп директоры, оқу ісі және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, педагог-психологтар, профориентолог және пән мұғалімдері қатысты.

Дөңгелек үстел барысында оқушылармен сенімді қарым-қатынас орнатылып, ашық диалог форматында пікір алмасу жүргізілді. Оқушылардың оқу үлгерімі, мектепке бейімделуі, болашаққа мақсат қою және мамандық таңдауға қатысты ой-пікірлері тыңдалды. Психологиялық кеңестер мен мотивациялық әдістер арқылы оқушылардың өз-өзіне деген сенімі мен ішкі белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыс жүргізілді.

Қорытынды: Іс-шара нәтижесінде оқушылардың жеке қажеттіліктері айқындалып, әр оқушыға жеке психологиялық қолдау көрсету бағыттары белгіленді. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру және эмоционалдық тұрақтылығын нығайту бойынша жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.




Қаңтар айының 27 күні мектеп-лицей оқушыларына «Сенің жайлы мекенің» атты психологиялық жадынама таратылды. Жадынама Психологиялық қолдау орталығы тарапынан ұсынылып, оқушыларға түсіндірілді. Онда орталықтың қызмет бағыттары, психологиялық көмек алу мүмкіндіктері, мекенжайы мен байланыс ақпараты туралы жалпы мәлімет берілген. Жадынама оқушыларға психологиялық қолдау қызметтері туралы ақпарат беру

және қажет болған жағдайда көмекке жүгіну жолдарын түсіндіру мақсатында таратылды. Қорытынды: Іс-шара барысында оқушылар психологиялық қолдау қызметтері туралы ақпарат алып, қажет жағдайда көмекке жүгіну мүмкіндіктерімен танысты. Жадынама білім алушылардың психологиялық сауаттылығын арттыруға ықпал етті.



Қаңтар айының 30 күні 4-сынып оқушыларымен «Біз – біргеміз: сөздің күші мен достық» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – білім алушылар арасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, өзара құрмет пен достық қарым-қатынасты дамыту, сөз арқылы келетін психологиялық қысымның (мазақтау, келемеждеу) алдын алу, эмпатия мен қолдау көрсету дағдыларын қалыптастыру. Тренинг барысында оқушылар «Сөздің салмағы», «Мен сенің орнында болсам...», «Топтық келісім жасау», «Жақсы сөз шеңбері», «Жүрекке тиген сөз», «Бұл кімнің көздері?» сияқты жаттығуларды орындады. Жаттығулар барысында оқушылар сөздің адам психологиясына әсерін тәжірибе арқылы түсініп, жағымды және жағымсыз сөздердің айырмашылығын ажыратты. Сонымен қатар сыныпта өзара сыйластық пен қолдауға негізделген ортақ мінез-құлық ережелері қабылданды.


Қорытынды: Тренинг нәтижесінде оқушылар сөздің күшін түсініп, оның адам сезіміне әсерін ұғынды. Бір-біріне құрметпен қарау және қолдау көрсету дағдылары қалыптасып, сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнады. Тренинг эмпатияны арттырып, буллингтің алдын алуға ықпал етті.



Қаңтар айының 20.01–03.02.2026 аралығында мұғалімдерден Мұғалімдердің кәсіби қызмет барысында эмоционалдық күйін, кәсіби қажу деңгейін (эмоционалдық шаршау, деперсонализация, кәсіби жетістік сезімі) анықтау және психологиялық қолдау қажеттілігін айқындау мақсатында Маслачтың кәсіби қажу сауалнамасы «Жанұя» платформасы арқылы алынды. Сауалнамаға қатысқандар саны – 40 педагог.

Сауалнама «Жанұя» платформасы арқылы жүргізіліп, мұғалімдер тарапынан онлайн форматта толтырылды. Зерттеу нәтижелері: Сауалнама нәтижелері педагогтардың бір бөлігінде эмоционалдық шаршау белгілерінің бар екенін, кейбір мұғалімдерде кәсіби қызметке немқұрайлы қарау үрдістерінің байқалатынын көрсетті. Сонымен қатар, педагогтардың басым бөлігінде кәсіби жетістікке деген жауапкершілік пен маңыздылық сезімі сақталғаны анықталды.

Қорытынды: Зерттеу нәтижелері мұғалімдер арасында кәсіби қажудың әртүрлі деңгейде көрініс табатынын көрсетті. Кейбір педагогтарға эмоционалдық қолдау мен психологиялық профилактикалық жұмыстар жүргізу қажеттілігі анықталды.



Ақпан айының 12–20 аралығында 7–11 сынып оқушыларынан С. Мадди, Д. Леонтьевтің бейімделуіндегі «Өміршеңдік сауалнамасы» алынды. Сауалнаманың мақсаты – оқушылардың күйзеліске төзімділік деңгейін, өмірлік қиындықтарды еңсеру қабілетін және психологиялық тұрақтылығын анықтау болды. Сауалнама «Жанұя» платформасы арқылы жүргізілді. Қатысқаны – 635 оқушы.



Зерттеу нәтижесі:

Жүргізілген «Өміршеңдік сауалнамасы» әдістемесінің қорытындысы бойынша:

- **Норма көрсеткіші – 58%**
- **Жасырын тәуекел деңгейі – 32%**
- **Жоғары тәуекел деңгейі – 10%**

Нәтижелерге сәйкес, оқушылардың басым бөлігінде өміршеңдік деңгейі қалыпты, яғни күйзеліске төзімділігі жеткілікті дәрежеде дамыған. Аздаған пайызда жоғары және жасырын тәуекел тобы анықталды, бұл оқушыларға қосымша психологиялық қолдау қажет екенін көрсетеді.


Сонымен қатар, ақпан айының 13 күні 3«Г» сынып оқушыларымен «Біз – қауіпсіз сыныппыз» тақырыбында буллингтің алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыс және психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты – оқушыларға буллингтің зиянын түсіндіру, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және достық қарым-қатынасты нығайту болды. Іс-шара барысында оқушыларға буллинг ұғымы, оның түрлері (мазақ ету, ренжіту, шеттету, дөрекі сөйлеу) және оның салдары туралы түсіндірілді. Тренинг барысында «Сынып кодексі», «Шырақ», «Сөздің салмағы» жаттығулары жүргізілді. «Сынып кодексі» жаттығуы арқылы оқушылар бір-бірін құрметтеу, мейірімді болу, дөрекі сөз айтпау, қиын жағдайда көмек көрсету және достықты сақтау қағидаларын қамтитын ортақ ережелерді қабылдады. «Шырақ» жаттығуында оқушылар бір-біріне жылы сөздер мен жақсы тілектер айтып, жағымды эмоциялық орта қалыптастырды. Ал «Сөздің салмағы» жаттығуы арқылы жағымсыз сөздердің адамның психологиялық жағдайына әсері тәжірибе жүзінде көрсетіліп, сөз мәдениетінің маңызы түсіндірілді.



Ақпан айының 13 күні 7-сынып қыздарымен «Өзін-өзі бағалау және сенімділік» тақырыбында жиналыс өткізілді. Іс-шара сынып жетекшілерінің 10 күндігі аясында тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар мен мектеп психологтарының қатысуымен ұйымдастырылды. Мақсаты – оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін арттыру, жеке тұлғалық құндылықтарын түсіндіру, ішкі сенімділікті қалыптастыру және өмірлік жағдайларда саналы әрі жауапты шешім қабылдауға бағыт беру, сондай-ақ қыз балаларға психологиялық қолдау көрсету болды.

Жиналыс барысында оқушыларға өз құндылығын түсіну, ішкі сенімділікті дамыту, қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдау жолдары түсіндірілді. Қыздар өз ойларымен еркін бөлісіп, сұрақтар қойып, пайдалы кеңестер алды. Кездесу жылы әрі ашық атмосферада өтіп, оқушылардың белсенді қатысуымен өтті.

Қорытынды: өткізілген жиналыс барысында оқушылар өздерінің жеке қасиеттері мен мүмкіндіктерін тереңірек түсінуге қадам жасады. Ашық пікір алмасу арқылы қыздардың сенімділігі артып, бір-біріне қолдау көрсету және өзара түсіністік мәдениеті қалыптасты.



Ақпан айының 12 күні 4-сынып оқушыларымен «Бір-бірімізді түсінейік» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты – оқушылардың бір-біріне деген сыйластығын арттыру, өзара түсіністік пен эмпатияны дамыту, жағымды қарым-қатынас орнату және сыныпта қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру болды. Қатысушылармен сабақ барысында оқушылардың мектепке қызығушылығын анықтау мақсатында Н.Г.Лусканова әдістемесі және социометрия әдістемесі жүргізілді.

Тренинг барысында «Шаттық шеңбері», «Мен сені түсінемін», «Бірге шешейік» жаттығулары орындалды. «Шаттық шеңбері» жаттығуында оқушылар бір-біріне жылы лебіз білдіріп, жағымды эмоциялық орта қалыптастырды. «Мен сені түсінемін» жаттығуы арқылы балалар өз сезімдерімен бөлісіп, бір-бірін тыңдауға және түсінуге үйренді. Ал «Бірге шешейік» жаттығуында оқушылар топтық жұмыс арқылы түрлі жағдаяттарды талқылап, мәселені бейбіт жолмен шешу жолдарын ұсынды.

Қорытынды: өткізілген тренинг барысында оқушылар бір-бірінің сезімін түсінуге, құрметтеуге және қолдау көрсетуге үйренді. Жаттығулар арқылы балалар жылы сөз айту, алғыс білдіру және өзара көмектесу дағдыларын дамытты. Нәтижесінде сыныпта өзара сенім мен түсіністікке негізделген жағымды психологиялық ахуал қалыптасты.



Ақпан айының 09–13 аралығында 5–6 сынып оқушыларымен «Кибербуллинг: одан қалай қорғанамыз?» тақырыбында профилактикалық жұмыс өткізілді. Мақсаты – оқушыларға кибербуллингтің не екенін түсіндіру, оның зияны мен салдарын ұғындыру, интернеттегі қауіпсіздік ережелерін үйрету және өзара сыйластық пен қолдауды қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында оқушыларға кибербуллинг ұғымы түсіндіріліп, әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде және ойын платформаларында кездесетін қорлау, мазақ ету, жалған ақпарат тарату сияқты әрекеттердің кибербуллингке жататыны айтылды. Сонымен қатар оның психологиялық салдары – ренжу, қорқу, өзіне деген сенімнің төмендеуі және күйзеліс туралы талқыланды. Оқушыларға одан қорғану жолдары таныстырылды:

жеке ақпаратты жарияламау, күмәнді хабарламаларға жауап бермеу, агрессорды бұғаттау, ата-ана немесе мұғалімге хабарлау, қажет болған жағдайда дәлел ретінде скриншот сақтау.

Сабәқ соңында «Жылы сөздер шамы» жаттығуы өткізілді. Оқушылар бір-біріне шамды бере отырып, жылы лебіздер айтып, қолдау білдірді. Бұл жаттығу сыныпта жағымды эмоциялық орта қалыптастыруға ықпал етті.

Қорытынды: іс-шара нәтижесінде оқушылар кибербуллингтің қауіпті құбылыс екенін түсініп, интернеттегі қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын меңгерді. Сонымен қатар қиын жағдайда көмек сұраудың маңызды екенін ұғынды. Жылы сөздер айту арқылы сыныптағы өзара түсіністік пен сыйластық нығая түсті.



Ақпан айының 19 күні 5 «Ғ» сынып оқушыларымен буллингтің алдын алу және сыныптағы психологиялық ахуалды анықтау мақсатында түсіндірме және диагностикалық жұмыс жүргізілді. Мақсаты – оқушыларға буллинг ұғымын түсіндіру, оның түрлері мен зиянын таныстыру, сынып ішіндегі қарым-қатынасты зерттеу және оқшауланған оқушыларды анықтау, сондай-ақ құрдастар арасындағы сыйластықты нығайтып, жағымды психологиялық орта қалыптастыру болды.

Барысы бойынша оқушыларға буллингтің түрлері (мазақ ету, қорқыту, күш көрсету, әлеуметтік шеттету, кибербуллинг) және оның психологиялық салдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, қиын жағдай туындаған кезде көмекке жүгінетін тұлғалар (сынып жетекшісі, мектеп психологы, ата-ана) туралы ақпарат берілді. Сынып ішіндегі қарым-қатынасты анықтау және оқшауланған оқушыларды айқындау мақсатында социометрия әдістемесі қолданылды. Әдіс нәтижесінде оқушылардың өзара қарым-қатынас деңгейі, беделі және сынып ішіндегі әлеуметтік байланыстары зерттеліп, белсенді және қолдауды қажет ететін оқушылар анықталды.

Қорытынды: жүргізілген жұмыс нәтижесінде сыныптағы психологиялық ахуалға талдау жасалып, буллингтің алдын алу және оқшауланған оқушылармен жеке жұмыс жүргізу бойынша ұсыныстар берілді. Сонымен қатар сынып ішінде өзара сыйластық пен достық қарым-қатынасты нығайту қажеттілігі айқындалды. Шара оқушылардың бір-біріне деген құрметін арттырып, жағымды әлеуметтік орта қалыптастыруға ықпал етті.



Ақпан айының 16–20 күні аралығында 7–9 сынып оқушыларымен “Эмоцияны басқару – ашу, реніш, қорқыныш” тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты – оқушыларға эмоция ұғымын түсіндіру, ашу, реніш, қорқыныш сияқты жағымсыз эмоциялардың пайда болу себептерін анықтау және оларды тиімді басқару жолдарын үйрету, эмоционалдық сауаттылықты арттыру болды.

Тренинг барысында оқушыларға эмоциялар туралы түсінік беріліп, ашу, реніш, қорқыныш сезімдерінің адам өміріндегі рөлі мен олардың пайда болу себептері түсіндірілді. Практикалық бөлімде оқушыларға “бұлт пен күн” суретін салу тапсырмасы берілді: бұлт ішіне өздерін ренжітетін, ашуландыратын немесе қорқытатын жағдайларды жазса, күн ішіне қуантатын, шабыттандыратын және көңіл күйін көтеретін жағымды жағдайларды белгіледі. Сонымен қатар эмоцияларды басқару тәсілдері қарастырылды: терең тыныс алу жаттығулары, жағымды ойлау, сенімді адаммен бөлісу, спортпен айналысу және өзін-өзі қолдау дағдылары. Қорытынды: тренинг оқушылардың эмоционалдық мәдениетін дамытуға, өз сезімдерін түсінуге және оларды дұрыс басқаруға ықпал етті. Қатысушылар жағымды ойларға көбірек назар аударудың маңызын түсініп, өз эмоцияларына жауапкершілікпен қарауды үйренді. Іс-шара оқушылардың психологиялық саулығын нығайтуға және өзара түсіністікті арттыруға бағытталды.



Ақпан айының 2 күні 5 «Д» сынып оқушыларымен «Жақсы сөз – жанға қуат» тақырыбында буллингтің алдын алу және сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында тренинг өткізілді. Мақсаты – оқушыларға буллингтің зиянын түсіндіру, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу, сынып ішінде өзара сыйластық пен ынтымақтастық дағдыларын дамыту болды.

Тренинг барысында «Шам», «Өзің туралы бір факт», «Суретті аяқта» жаттығулары орындалды. «Шам» жаттығуында оқушылар бір-біріне жылы сөздер айтып, сенім мен жылылық атмосферасын қалыптастырды. «Өзің туралы бір факт» жаттығуы арқылы оқушылар өздері туралы қызықты мәліметтермен бөлісіп, бір-бірін жақынырақ танып, өзара қызығушылықтарын арттырды. Ал «Суретті аяқта» жаттығуында оқушылар жұппен жұмыс жасап, ортақ шешім қабылдау арқылы ынтымақтастық және бір-бірін тыңдау дағдыларын дамытты.

Қорытынды: тренинг соңында оқушылар буллингтің алдын алу әр адамның өз мінез-құлқынан басталатынын түсінді. Кері байланыс барысында балалар өз әсерлерімен бөлісіп, «Бүгін мен не түсіндім?» сұрағына жауап берді. Нәтижесінде сыныпта өзара қолдау, сыйластық және достық қарым-қатынас нығайып, жағымды психологиялық ахуал қалыптасты.



Ақпан айының 23–27 аралығында 10–11 сынып оқушыларымен «Емтиханға психологиялық дайындық» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты – оқушылардың емтихан алдындағы қобалжуын төмендету, психологиялық тұрақтылығын арттыру, өзіне деген сенімділігін қалыптастыру, стресс жағдайында өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту және сабырлы әрі зейінді әрекет етуге үйрету болды.

Тренинг барысында оқушыларға пластилин беріліп, «ұлу жасау» жаттығуы орындалды. Оқушыларға ұлудың ерекшеліктері туралы сұрақтар қойылып, оның символдық мәні түсіндірілді: ұлу – сабырдың белгісі, ал оның үйшігі – адамның қауіпсіздік аймағы ретінде қарастырылды. Сонымен қатар емтиханда асығыстық емес, ойланып жауап берудің маңыздылығы, әрбір детальға мән беру қажеттілігі түсіндірілді. Келесі кезеңде «Қорқынышты сейілту» талқылауы жүргізіліп, оқушылар өздерінің қорқыныштары мен олардың шынайылық деңгейін талқылады. Қорытынды бөлімде «Жеңіс визуализациясы» жаттығуы арқылы оқушылар емтихан жағдайын көз алдына елестетіп, өзіне сенімділік пен жағымды эмоционалдық күй қалыптастырды.

Наурыз айының 03 күні 5 «Г» сынып ата-аналарымен «Қауіпсіз орта – бірліктен басталады» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың мақсаты – ата-аналар арасында өзара сыйластық пен түсіністікті қалыптастыру, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ балалардың қауіпсіз әрі жайлы ортада білім алуына жағдай жасау болды.

Жиналыс барысында қатысушыларға бүгінгі кездесудің негізгі мақсаты түсіндіріліп, бала тәрбиесіндегі ортақ жауапкершілік туралы айтылды. «Тату көрші», «...білесіздер, ...білмейсіздер» жаттығулары орындалып, ата-аналар бір-бірімен жақынырақ танысып, ашық қарым-қатынас орнатты. Сонымен қатар тәрбиелік мәні бар бейнеролик көрсетіліп, бала тәрбиесінде ата-ана үлгісінің маңыздылығы талқыланды. «Бізді не біріктіреді?» тақырыбында пікір алмасу жүргізіліп, ортақ құндылықтар анықталды. Музыкалық кезеңде жағымды эмоциялық атмосфера қалыптасып, соңында кері байланыс алынды.

Қорытынды: Тренинг барысында ата-аналар арасында өзара түсіністік пен сенім атмосферасы қалыптасты. Қатысушылар қарым-қатынаста мәдениетті сөйлеудің маңыздылығы, сонымен қатар мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, балалар үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастырудың қажеттілігі атап өтілді. Ата-аналар бірлік пен өзара қолдаудың бала тәрбиесінде үлкен рөл атқаратынын түсінді.



Наурыз айының 03 күні 7 «Б» сынып оқушыларымен «Оқуға мотивацияны арттыру және өз-өзіне сенімділікті дамыту» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру, өз мүмкіндіктеріне сенімін қалыптастыру, топта жұмыс жасау дағдыларын дамыту және жағымды психологиялық ахуал орнату болды.

Тренинг барысында оқушылар «Менің мақсатым», «Кедергілерді жеңу», «Сенімділік көпірі» жаттығуларын орындап, өз мақсаттарын анықтап, оқу барысында кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдарын талқылады. Сонымен қатар топтық жұмыс ұйымдастырылып, оқушылар бірлесе әрекет етіп, өз жұмыстарын қорғады.

Қорытынды: Тренинг барысында оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын еркін жеткізді және бір-біріне қолдау көрсету дағдыларын көрсетті. Жаттығулар арқылы оқушылардың өз-өзіне деген сенімділігі артып, оқу мотивациясы нығая түсті. Нәтижесінде сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптасып, тренинг өз мақсатына жетті.



Наурыз айының 04 күні 7 «Г» сынып оқушыларымен «Мен және менің мүмкіндіктерім» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – оқушылардың өз қабілеттерін тануына ықпал ету, өзін-өзі бағалауын арттыру және сенімділік дағдыларын қалыптастыру болды. Тренинг барысында оқушылар «Менің мақсатым», «Кедергілерді жеңу», «Сенімділік көпірі» жаттығуларын орындап, өз мақсаттарын айқындап, оқу барысында кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдарын талқылады. Сонымен қатар топтық жұмыс барысында оқушылар бірлесе әрекет етіп, өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты.



Наурыз айының 05 күні 10 «А» сынып оқушыларымен «Менің болашағым – менің таңдауым» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға бағыт беру, өз-өзіне сенімділігін қалыптастыру және жауапкершілік дағдыларын дамыту болды.


Тренинг барысында кіріспе бөлімде оқушылармен танысу жүргізіліп, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында «Танысу шеңбері» жаттығуы орындалды. Негізгі бөлімде «Менің мақсатым», «Кедергілерді жеңу», «Сенімділік көпірі» жаттығулары өткізіліп, оқушылар өз мақсаттарын айқындап, болашаққа жету жолындағы қиындықтар мен оларды шешу тәсілдерін талқылады. Сонымен қатар топтық жұмыс ұйымдастырылып, оқушылар бірлесе әрекет етіп, өз ойларымен бөлісті.



Наурыз айының 04 күні 3-сынып оқушыларымен «Бірге тату болайық» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – оқушыларға буллинг және кибербуллинг туралы түсінік беру, олардың зиянын түсіндіру, сыныпта достық, сыйластық және өзара қолдау атмосферасын қалыптастыру, сондай-ақ бір-біріне құрметпен қарау дағдыларын дамыту болды.

Тренинг барысында оқушыларға буллинг және кибербуллинг ұғымдары, олардың түрлері мен салдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар интернет желісіндегі қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, мұндай жағдай туындаған кезде міндетті түрде мұғалімге немесе ересектерге хабарлау керектігі айтылды. Негізгі бөлімде «Тату көрші» және «Жақсылықты тап та, құшақта» жаттығулары орындалып, оқушылар бір-біріне жылы сөз айтып, жағымды қарым-қатынас орнатты.

Қорытынды: Тренинг барысында оқушылар белсенді қатысып, бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасады. Оқушылар арасында достық, сыйластық және өзара қолдау көрсету дағдылары қалыптасып, сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнады. Сонымен қатар буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша маңызды ақпарат беріліп, оқушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға ықпал етті.



Наурыз айының 05 күні 5 «Г» сынып оқушыларымен «Достық – біздің күшіміз» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – оқушыларға буллингтің зиянын түсіндіру, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу, сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және өзара қолдау көрсету дағдыларын дамыту болды.

Тренинг барысында оқушыларға буллинг ұғымы, оның түрлері мен салдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бір-бірін мазақ ету, ренжіту, қорқыту сияқты әрекеттердің дұрыс еместігі нақты мысалдар арқылы түсіндірілді. Негізгі бөлімде «Жақсылық аралы» және «Сыныптағы ең...» жаттығулары орындалып, оқушылар әртүрлі жағдаяттарды талқылап, дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамытты. Сонымен қатар сыныптастарының жақсы қасиеттерін атап, бір-біріне жылы пікір білдірді.

Наурыз айының 06 күні ата-аналармен «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен ынтымақтастық» тақырыбында семинар-тренинг жиналыс өткізілді. Іс-шараның мақсаты – ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту және оқушылардың оқу үлгерімін жақсартуға бағытталған бірлескен әрекеттерді қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында ата-аналарға бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелер, бақылауда тұрған оқушылардың ерекшеліктері, үлгерімнің төмендеу себептері, отбасындағы қарым-қатынастың балаға әсері және баламен тиімді қарым-қатынас орнату жолдары түсіндірілді. Негізгі бөлімде «Менің балам қандай?», «Қарым-қатынас көпірі» және «Жылы сөз – жан азығы» жаттығулары орындалып, ата-аналар балаларының жақсы қасиеттерін атап, түрлі жағдаяттарды талқылау арқылы тиімді шешу жолдарын қарастырды.

10–13.03.2026 жыл аралығында 11 сынып оқушыларымен «Емтихан алдындағы алаңдаушылықпен күрес» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – оқушылардың емтихан алдындағы қорқынышын азайту, өзіне сенімділігін арттыру және ата-ана қолдауын сезіндіру болды.

Тренинг барысында оқушылар «Тату көрші», «Қорқынышты ашу», аутотренинг (релаксация), «Ата-анадан хат» және «Менің мақсатым» жаттығуларын орындады. Оқушылар бір-біріне қолдау көрсетіп, өз қорқыныштары мен алаңдаушылықтарын ашық айтып, оларды жеңу жолдарын талқылады. Сонымен қатар релаксациялық жаттығулар арқылы эмоционалды тұрақтылықты сақтауға үйренді және ата-аналардан келген хаттар арқылы психологиялық қолдау сезімін алды.



Наурыз айының 12 күні 9 сынып оқушыларымен «Қауіпсіз мектеп ортасы: буллингке жол жоқ» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты – оқушылар арасында буллингтің алдын алу, бір-біріне құрметпен қарау дағдыларын қалыптастыру, жағымды психологиялық ахуал орнату және ұжымдық бірлікті нығайту болды.

Тренинг барысында оқушылармен амандасу жүргізіліп, буллинг ұғымы, оның түрлері мен салдары туралы түсіндірме жұмыстары жасалды. Оқушыларға буллингтің психологиялық әсері және оның алдын алу жолдары түсіндірілді. Негізгі бөлімде «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Қолдау шеңбері», «Менің орнымда болсаң...» және «Шешім табайық» жаттығулары орындалып, оқушылар бір-біріне жылы сөз айтып, эмпатияны дамытуға және қиын жағдайларды шешу жолдарын бірлесіп қарастыруға үйренді.

Қорытынды: Тренинг барысында оқушылар буллингтің зияны туралы түсінік алып, бір-біріне құрметпен қараудың маңызын ұғынды. Кері байланыс нәтижесінде сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптасып, өзара сенім мен қолдау күшейді. Жалпы, тренинг өз мақсатына жетті.

Наурыз айының 13 күні 5 «Г» сынып қыздарымен «Қыздар арасындағы сыйластық пен достық қарым-қатынас» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар «Жылы жүрек», «Ақпарат қалай тарайды?», «Сиқырлы арал» жаттығуларын орындады. Жаттығулар барысында оқушылар бір-біріне жылы сөз айту, өзара сенім мен қолдау көрсету, сондай-ақ ақпараттың адамнан адамға таралу барысында өзгеруі мүмкін екенін тәжірибе арқылы түсінді. Сонымен қатар топтық жұмыс арқылы бірлесіп әрекет ету және өзара түсіністік дағдылары дамытылды.



Наурыз айының 02–18 күні аралығында 5–11 сынып оқушылары арасында девиантты мінез-құлықтың алдын алу және психологиялық қолдау көрсету бағытында жұмыстар жүргізілді. Мектепте оқушылардың мінез-құлқын зерттеу, психодиагностика жүргізу, жеке және топтық кеңес беру, түзету-дамыту және алдын алу жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылды.

Сонымен қатар сынып жетекшілерімен және ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, оқушылардың мінез-құлқына қатысты өзекті мәселелер бойынша ақпарат алмасу жүзеге асырылды. Ата-аналар мен педагогтардың сұранысы негізінде қосымша психологиялық қолдау шаралары, жеке консультациялар және топтық тренингтер өткізілді.

5–11 сынып оқушыларымен жүргізілген топтық жұмыстар барысында оқушылардың эмоциялық жағдайын тұрақтандыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және жағымды мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған жаттығулар орындалды. Жүргізілген жұмыстар оқушылардың өзара түсіністігін арттырып, сынып ішіндегі психологиялық ахуалды жақсартуға ықпал етті.

Қорытынды: Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың психологиялық жағдайын бақылау және алдын алу шаралары жүйелі түрде іске асырылды. Қазіргі таңда мектепте девиантты мінез-құлықтағы оқушылар анықталмаған. Алдын алу және психологиялық қолдау бағытындағы жұмыстар әрі қарай да жалғасын табады.



Наурыз айының 09–18 күні аралығында 5–11 сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында сынып жетекшілері мен психологиялық қызметтің бірлескен кешенді жұмыстары ұйымдастырылып, жүйелі бақылауға алынды.

Жұмыс барысында оқушылардың психоэмоционалдық жағдайын анықтау мақсатында диагностикалық зерттеулер жүргізілді. Атап айтқанда, С. Мадди ұсынған «Өміршеңдік» сауалнамасы алынып, оқушылардың стресскә төзімділігі мен өмірлік тұрақтылық деңгейі бағаланды. Диагностика нәтижелері негізінде тәуекел тобына бейім оқушылар анықталып, олармен жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары жоспарланды.

Жеке жұмыс барысында оқушылармен сұраныс негізінде және диагностика нәтижелеріне сәйкес жеке консультациялар өткізіліп, психологиялық қолдау көрсетілді. Оқушыларға өмірлік қиын жағдайларда көмекке жүгіну жолдары түсіндіріліп, ұсыныстар берілді. Ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, баламен тиімді қарым-қатынас орнату, эмоционалдық қолдау көрсету бойынша кеңестер берілді. Сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, оқушылардың мінез-құлқына тұрақты бақылау жүргізіліп, туындаған жағдайлар бойынша бірлескен шешімдер қабылданды.

Қорытынды: Жүргізілген кешенді жұмыстар нәтижесінде оқушылардың эмоционалдық жағдайы тұрақтандырылып, психологиялық қолдау жүйесі күшейтілді. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу шаралары жүйелі түрде бақылауда және жұмыс жалғасын табуда.

Сонымен қатар наурыз айының 17 күні мектеп-лицей оқушыларына буллингтің алдын алу мақсатында арнайы дайындалған жадынама таратылды. Жадынамада буллингтің түрлері, оның зиянды салдары және одан қорғану жолдары туралы ақпарат беріліп, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Аталған жұмыс барысында оқушыларға буллингтің түрлері (физикалық, сөздік, кибербуллинг) түсіндірілді. Нақты мысалдар келтіріліп, оқушылардың пікірлері тыңдалды және талқыланды. Сонымен қатар қандай жағдайда көмекке жүгіну керектігі (мұғалім, ата-ана, мектеп психологы) түсіндірілді. Өзара сыйластық пен қолдау көрсету мәдениетінің маңыздылығы атап өтілді.



Наурыз айының 26 күні мектепте №4 педагогикалық кеңес «Заманауи мұғалімнің кәсіби келбеті: сапалы сабақ, эмоциялық мәдениет» тақырыбында өткізілді. Кеңес барысында мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, сапалы сабақ ұйымдастырудың заманауи талаптарын түсіндіру, эмоциялық мәдениетті дамыту және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Іс-шараның басында тақырыпқа сәйкес видеоролик көрсетіліп, кейін талқылау жүргізілді. Мұғалімдер өз ойларын ортаға салып, заманауи мұғалім бейнесі мен кәсіби келбет туралы пікір алмасты.


Сондай-ақ түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, заманауи мұғалімге қойылатын талаптар, кәсіби және тұлғалық қасиеттер, сапалы сабақтың негізгі компоненттері туралы ақпарат берілді.

Келесі кезеңде сергіту сәті ұйымдастырылып, мұғалімдердің көңіл-күйін көтеруге және жұмыс белсенділігін арттыруға бағытталған жаттығулар орындалды.

Баяндама барысында эмоциялық мәдениеттің маңыздылығы, эмоцияны басқару, оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнату жолдары кеңінен түсіндірілді.

Жағдаяттық сұрақтар бөлімінде мұғалімдер педагогикалық қиын жағдайларды талқылап, тәжірибе алмасып, тиімді шешу жолдарын ұсынды.

Соңында аутотренинг «Өзіңе айтылған жылы сөз» жаттығуы жүргізіліп, қатысушылар жағымды эмоциялық күй қалыптастыруға бағытталды.



Сәуір айының 09 күні 5-сынып қыздарымен буллингтің алдын алу және өзара татулыққа тәрбиелеу мақсатында түсіндірме жұмысы жүргізілді. Оқушыларға буллинг ұғымы, оның түрлері (мазақтау, кемсіту, шеттету) және адам психологиясына тигізетін кері әсері туралы мәлімет берілді.

Сонымен қатар сынып ішінде өзара сыйластық, достық қарым-қатынас және бір-біріне қолдау көрсету мәселелері талқыланды. Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, өмірден және сыныптан мысалдар келтірді. Бір-бірін ренжітпеу, қиын жағдайда қолдау көрсету және жылы сөз айту сияқты адамгершілік құндылықтардың маңызы түсіндірілді.

Сәуір айының 10 күні 3 «В» сынып оқушыларынан буллинг деңгейін анықтау мақсатында «Олвеус» сауалнамасы алынды. Сауалнама барысында оқушылар мектептегі қарым-қатынасы, достық ортасы және кездесетін қиындықтары туралы сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар оқушыларға буллингтің түрлері, оның салдары және алдын алу жолдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Балаларға бір-біріне құрметпен қарау,



Сәуір айының 20-27 күні аралығында 5–11 сынып оқушылары арасында буллингтің алдын алу мақсатында Д. Ольвеус сауалнамасы алынды .

Қатысқан оқушылар саны -1295

Зерттеудің мақсаты:

- оқушылар арасындағы буллингтің таралу деңгейін анықтау;
- буллинг түрлерін (физикалық, вербалды, әлеуметтік, кибербуллинг) айқындау;
- мектептегі психологиялық климат пен оқушының өзін қауіпсіз сезіну деңгейін бағалау.

Алынған нәтижелер бойынша:

- Оқушылардың көпшілігі 874 (96%) мектепте өздерін қауіпсіз сезінетінін көрсетті
- Орташа деңгейдегі тәуекел тобына жататын оқушылардың үлесі –3% (31 оқушы)
- Буллингке ұшыраған оқушылардың үлесі – 1% (2 оқушы) .

Қорытынды:

Сауалнама нәтижелері оқушылардың қарым-қатынас ерекшеліктерін бағалауға және қауіп-қатер аймағындағы сыныптарды анықтауға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер негізінде буллингтің алдын алу және жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталған психопрофилактикалық жұмыстар жоспарланады. Әр оқушымен жеке әңгімелесу жүргізіледі. Сынып жетекшісімен байланыста болып, толық ақпараттар жинау. Анықталған оқушылармен жүйелі түрде алдын алу және түзету жұмыстары қажет.


Сәуір айының 24 күні 11-сынып оқушыларымен «Емтиханға сенімді қадам: ішкі тұрақтылық» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар «Күш картасы», «Қиындықты жеңу жолы», «Тыныштық сәті», «Менің мотивациялық сөзім», «Жеңіс тұғыры» жаттығуларын орындады. Жаттығулар барысында оқушылар өздерінің жеке ресурстарын анықтап, емтиханға байланысты туындайтын қиын жағдайларды шешу жолдарын қарастырды. Сонымен қатар релаксациялық жаттығу арқылы ішкі тыныштықты сақтауға, жағымды ойлау мен өзін-өзі реттеуге дағдыланды. Оқушылар өздеріне мотивациялық сөздер

құрастырып, болашақ жетістікке сенімділік қалыптастырды. Тренинг барысында ішкі сенімділік пен психологиялық тұрақтылықты арттыруға бағытталған жұмыс жүргізілді.

Қорытынды: Тренинг нәтижесінде оқушылардың өзіне деген сенімділігі нығайып, емтихан алдындағы алаңдаушылық деңгейі төмендеді. Жағымды ойлау, өзін-өзі қолдау және стресс жағдайында өзін реттеу дағдылары дамыды. Қатысушылар алдағы емтиханға психологиялық тұрғыдан дайын екендерін көрсетті.



Мамыр айының 04–08 күндері 7–10 сынып оқушылары арасында өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында Г. Айзенк тесті алынды. Тестке барлығы 529 оқушы қатысты.



Зерттеу нәтижесі: Жалпы зерттеуге 529 оқушы қатысты. Г. Айзенк әдістемесінің қорытындысы бойынша, 4 оқушыда жоғары деңгейдегі эмоциялық тұрақсыздық байқалып, «қызыл аймаққа» жатқызылды. Сонымен қатар, 57 оқушыда орташа деңгейдегі эмоциялық қиындықтар анықталып, «сары аймақ» көрсеткіші тіркелді. Қалған 468 оқушы қалыпты психологиялық көрсеткіш көрсетті.

04.05.2026 жылы 7–11 сынып оқушыларымен «Өзіңнің көңіл күйіңе әсер ет және оны жақсарт» тақырыбында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында психологиялық жұмыс жүргізілді. Іс-шара барысында оқушыларға көңіл күйдің адам өміріне әсері, жағымсыз эмоциялардың пайда болу себептері және оларды жеңу жолдары түсіндірілді. Сонымен қатар көңіл күйді жақсартудың тиімді тәсілдері: спортпен айналысу, музыка тыңдау, таза ауада серуендеу, позитивті ойлау туралы ақпарат берілді.

Практикалық бөлімде оқушылар шағын жаттығулар орындап, релаксациялық жаттығулар мен жағымды аффирмациялар жүргізілді. Қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, кері байланыс жасады.

Қорытынды: Жүргізілген жұмыс барысында оқушылар эмоцияны басқарудың маңызын түсініп, жағымды ой қалыптастыру мен психологиялық тұрақтылықты сақтаудың тиімді жолдарымен танысты.



Мамыр айының 06 күні 8-сынып қыздарымен «Мен және менің ортам: сенім мен қарым-қатынас» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар «Қолдау шеңбері», «Жылы лебіз», «Бағыт пен сенім», «Мен туралы фильм» жаттығуларын орындады. Жаттығулар арқылы қатысушылар бір-біріне қолдау көрсету, жылы қарым-қатынас орнату, сенім білдіру және өз ойын еркін жеткізу дағдыларын дамытты. Сонымен қатар оқушылар сенім мен қауіпсіздіктің маңызын түсініп, жағымды психологиялық ахуал қалыптастырды. Тренинг барысында оқушылар белсенді қатысып, өзара сыйластық пен қолдау көрсету мәдениетін нығайтты. Жаттығулар оқушылардың сенімділігін арттырып, ұйымшылдық пен достық қарым-қатынастың дамуына оң әсер етті.



Мамыр айының 06 күні 7–11 сынып оқушылары арасында «Менің таңдауым – қауіпсіз болашақ» тақырыбында эссе жазу жұмысы ұйымдастырылды. Жұмыстың мақсаты – оқушылардың өз болашағына деген жауапкершілігін арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру және дұрыс таңдау жасауға баулу.

Эссе барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, қауіпсіз болашақ туралы көзқарастарын, өмірлік мақсаттары мен таңдауларын сипаттады. Жазылған жұмыстар толық оқылып, мазмұнына талдау жүргізілді.

Қорытынды: Жұмыс барысында оқушылар қауіпсіз болашақтың маңызын түсініп, өз өміріне жауапкершілікпен қарау қажеттігін ұғынды. Эссе жазу оқушылардың ой-өрісін дамытып, өмірлік құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етті.



08.05.2026 жылы Ата-аналар жиналысы (прокуратура және білім беру өкілдерінің қатысуымен) тақырыбында 210 ата-анаға арналған мектеп пен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, кәмелетке толмағандар арасындағы

құқықбұзушылықтың алдын алу және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жиналыс өткізілді.

Аудандық ата-аналар жиналысы Шаймарданов Айдос Еділұлы – Әуезов ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры, Алматы қаласы Білім басқармасының Психологиялық қолдау орталығының әдіскері Құдайбергенова Нагима Секербековна, Әуезов ауданы тәрбие бөлімі әдіскері Махмеджан Бибинур Ануаровна қатысуымен өткізілді. Жиналыс барысында оқушылардың тәртібі, тәрбиесі, интернет қауіпсіздігі және құқықтық жауапкершілік мәселелері талқыланды. Қатысушылар тарапынан сұрақтар қойылып, оларға толық жауаптар берілді. Ата-аналар өз ой-пікірлерін білдіріп ұсыныстарын ортаға салды.


Жиналыс барысында ата-аналар мен мамандар арасында ашық форматта сұрақ-жауап және пікір алмасу жүргізілді. Қатысушылар көтерілген мәселелерді талқылап, балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу қажеттігін атап өтті. Жиналыс өз мақсатына жетіп, ата-аналардың құқықтық және тәрбиелік бағыттағы түсінігін арттыруға ықпал етті.



08.05.2026 жылы прокуратура және білім беру өкілдерінің қатысуымен аудандық ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа Әуезов ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры Шаймарданов Айдос Еділұлы, Алматы қаласы Білім басқармасының Психологиялық қолдау орталығының әдіскері Құдайбергенова Нагима Секербековна және Әуезов ауданы тәрбие бөлімі әдіскері Махмеджан Бибинур Ануаровна қатысты.

Жиналыс барысында оқушылардың тәртібі, тәрбиесі, интернет қауіпсіздігі, құқықтық жауапкершілік және кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері талқыланды. Сонымен қатар ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға мамандар толық жауап беріп, өзекті мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ата-аналар өз пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

Қорытынды: Жиналыс барысында ата-аналар мен мамандар арасында ашық пікір алмасу жүргізіліп, балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау қажеттігі айтылды. Іс-шара ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттырып, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етті.



Мамыр айының 18 күні 2 «Б» сынып оқушыларымен сынып ішіндегі қарым-қатынасты анықтау мақсатында социометрия әдістемесі жүргізілді. Зерттеу барысында оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас деңгейі, сыныптағы лидерлер, шағын топтар және шеттетілген оқушылар анықталды. Әдістеме нәтижесі бойынша 2 «Б» сыныбында 6 оқушы – орта деңгейлі, 26 оқушы – топтан қалмаушылар, 7 оқушы – шеттетілгендер тобына жатқаны анықталды. Нәтижелер сыныптағы оқушылардың басым бөлігінің ұжымға жақсы бейімделгенін көрсетті. Сонымен қатар кейбір оқушылардың сыныппен қарым-қатынас орнатуда қиындықтары бар екені байқалды.

Сонымен қатар, мамыр айының 20 күні 2 «Б» сынып оқушыларымен «Достық және қарым-қатынас» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар «Дос деген кім?» сұрағына жауап беріп, достықтың маңызы мен жақсы достың қасиеттері туралы пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар оқушылар бір-бірінің жақсы қасиеттерін атап, сыныптастарына жылы пікірлер білдірді.

Тренингтің келесі кезеңінде оқушыларға аяқталмаған суреттер таратылып, оларды өз қиялдары бойынша аяқтау тапсырылды. Жаттығу барысында оқушылар шығармашылық белсенділік танытып, өз ойлары мен эмоцияларын сурет арқылы жеткізді.

Қорытынды: Тренинг барысында оқушылар белсенді қатысып, бір-біріне деген сыйластық пен қолдау көрсету дағдыларын көрсетті. Жұмыс нәтижесінде сыныптағы жағымды психологиялық ахуал нығайып, достық қарым-қатынасты дамытуға ықпал етті.

2025-2026 оқу жылында психологиялық қызмет педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді, оқу-тәрбие үдерісінде туындаған проблемаларды шешуге көмек көрсету мақсатындағы «**Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу**», «**кәсіби кеңес (консультация) жүргізу**» бағыты бойынша төмендегідей сұраныстарды қарастырды:

- Оқушылар-213
- Ата-аналар-29
- Мұғалімдер-34
- Ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны – 3 (ПМПҚ қорытындысы бойынша педагог-психологқа келеді).

2025-2026 оқу жылында жылдық психологиялық қызмет сұраныс бойынша 36 сыныппен жеке жұмыстар атқарылды, сонымен қатар, 28 жеке оқушымен ұзақ мерзімді оң нәтижеге бағытталған психологиялық жұмыстар атқарылды.

Жылдық қорытындысы SWOT кестесімен



Мектеп-лицей педагог-психологтары:

Жумабекова М.А.

Умирова Л.Г.

Асанова А.М.

Қалмаханбет Г.М.